

«Шақпақ» негізгі орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 21.02-03.03 күндері аралығында өткізілетін тәрбие саласының апталығының іс-шаралар ЖОСПАРЫ

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формалары	Күні	жауаптылар
1	Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Рухани жаңғыру бағдарлама сы	Құқықтық сауаттылық заман талабы	Әңгіме – сұхбат, сауалнама	22.02	Н.Нурматов С.Қарабалаев
		Құқықтық мәдениет жобасы	Балалар қылмыс, ұрлық пен бопсалау	Ашық тәрбие сағаты	27.02	Ф.Беркимбаева
2	Ұлттық тәрбие	Өнегелі бір сағат жобасы	Ұлттық тәрбие ұлт болашағы	Ашық тәрбие сағаты	23.02	Г.Артыкова
3	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	Bookdating – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса!	«Өзіңді тану – өмірді тану»	пікірталас	24.02	К.Шауполатова
		Оқуға құштар мектеп жобасы	«Бір отбасы – бір кітап»	Сурет бейне түсірілім	02.03.2023ж	Ж.Қалмуратова
4	Еңбек, экономикалық және	Экостарт жобасы	Табиғат тамашалары	Сурет байқауы 1-4	21-03.03	С.Нускабаева

	экологиялық тәрбие			сыныптар		
5	Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық тәрбие	Шаңырақ жобасы	Отбасылық таланттар	Ток-шоу	27.02	Г.Шакуова
		Өнегелі бір сағат жобасы	Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс	Қыздар кеңесі	28.02	А.Утегенова
6	Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Адал friends жобасы	Мен және менің елім	Ашық тәрбие сағаты	24.02	А.Уртаева
7	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Салауатты өмір салтын сақтау	Отбасылық турнир		27.02	А.Қалдыбекова
			«NO SMOKING DAY» Шылым шегуге қарсымыз!	5-9 сынып оқушылары	28.02	С.Нускабаева Ж.Нәсір
8	Отбасылық тәрбие	Адал friends жобасы	«Әкеге – ізет, анаға – құрмет» (отбасылық)	Ашық тәрбие сағаты	24.02	Б.Торебекова
9	Жаңа Қазақстандық патриотизм	Рухани жаңғыру бағдарлама	Қазіргі жастардың өмірлік	байқау	03.03.2023 ж	Г.Балабекова бірлестіктер

мен азаматтылық ты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	сы	басымдықта ры			
---	----	------------------	--	--	--

«Шақпақ» негізгі орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 21.02-03.03 күндері аралығында өткізілетін тәрбие саласының апталығының іс-шаралар **МӘЛІМЕТ**

1.(01.01.2023ж (22.02.2023ж)) Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытында, Рухани жаңғыру аясында **«Құқықтық сауаттылық заман талабы»** тақырыбында 8-9 сынып оқушылары мен әңгіме-сұқбат, сауалнама өтілді. Онда оқушылар белсенділік танытып, берілген тапсырмаларға тиянақты жауап қатты.

2.(27.02.2023-Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытында, Рухани жаңғыру аясында **«Балалар қылмыс, ұрлық пен бопсалау»** тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. **Мақсаты:**

а) Оқушылардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту ұйымшылдықпен тәртіптіліктің тиімді жолдарын үйрету, жауапкершілікті арттыру;

ә) Оқушылардың ойлау, тыңдау, өз ойларын еркін жеткізе алу мәдениетін дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

б) Құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу. Мектеп пен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылуымыз керек. Құқықтық сауатсыздық, яғни өз құқы мен міндетін білмей, басқаның құқын сыйламаудың кесірінен көптеген келеңсіз жағдайларға кезігіп отырмыз. Осы орайда қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсымыз жете түсінуге тиіспіз. Олай болса құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік деген сөздермен сабақ аяқталды.

3. Ұлттық тәрбие бағытында, Өнегелі бір сағат жобасы аясында **«Ұлттық тәрбие ұлт болашағы»** тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Ұлттық тәрбиенің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие:

«Отбасындағы ұлттық тәрбие»

«Балабақшадағы ұлттық тәрбие»,

«Мектептегі ұлттық тәрбие» деп бөліп талқыланды

4.А) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі; Bookdating – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса! бағытында **«Өзінді тану – өмірді тану»** тақырыбында. 3- сыныптың жетекшісі К.Шауполатова оқушыларының арасында "XXI- ғасыр көшбасшысы" тақырыбында пікірталас өткізді.

Бүгінгі сайысымыз төрт кезеңнен тұрады. Әр кезеңнен кейін ұпайы аз екі оқушы шығып отырады.

1 - кезең: «Бәйге»

- 2-кезең: «Жеті жұрттың тілін біл»
- 3-кезең: «Қызықты тоғыздық»
- 4-кезең: «Жорға»

Оқушыларға түрлі пәндерден сұрақтар қойылды.

Қорытынды:

Сайысқа қатысқан оқушылардың арасынан көшбасшы анықталады - ол ұпайы ең жоғары сайыскер. Барлық қатысқан оқушылар белсенді қатысқаны үшін мадақтау.

5.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі; Оқуға құштар мектеп жобасы аясында **«Бір отбасы –бір кітап»** тақырыбында сурет бейне түсірілім түсіріліп, қорытынды жасалып мадақтамалар қорытындысында берілді.

6.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; Экостарт жобасы аясында «Табиғат тамашалары» тақырыбында 1-4 сынып аралығында сурет көрмесі өтілді.

7.Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық тәрбие; Шаңырақ жобасы аясында «Отбасылық таланттар» ток-шоуы өтілді. "Отбасылық таланттар" атты ток - шоуымызға ауылымыздан үш отбасы қатысып өз өнерлерін көрсетті. Отбасы- адамның өте маңызды, өте жауапты жан ұясы, себебі отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі. «Қазақ ұлын өссе, ұлы жақсымен, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас, көршілес бол»-деген. Әке-шеше балаларына

жақсы тәрбиелеуге қоғам алдында жауапты. Ток шоуға қатысқан үш отбасы өз өнерлерімен көрермендердің алғысына бөленіп, соңынан марапатталды.

8. Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық тәрбие; Өнегелі бір сағат жобасы аясында «Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» қыздар кеңесі өтілді.

9. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; Адал friends жобасы аясында «Мен және менің елім» тақырыбында 7-сыныптың жетекшісі Уртаева Анипа апайымыз тәрбие сағатын өткізді.

10. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты; Салауатты өмір салтын сақтау бойынша Қалдыбекова Асел 2-сыныптарға «Отбасылық турнир» өткізді. Мақсаты: Ата - аналар мен сайысқа қатыстыра отырып баланың ата - ана өміріндегі маңызын, ата - аналардың балаларға деген тәрбиесін көрсету. Халық ауыз әдебиеті, салт - дәстүрі туралы білімдерін байқау. Отбасы – Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып, балаларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

11. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты; Салауатты өмір салтын сақтау бойынша мектеп мейірағасы Ж.Нәсір мен ДТЖО С.Нускабаева «NO SMOKING DAY» Шылым шегуге қарсымыз! тақырыбында оқушыларға жиналыс өткізді.

12. Отбасылық тәрбие; Адал friends жобасы аясында «Әкеге – ізет, анаға – құрмет» (отбасылық) 6- сынып жетекшісі Б. Торебекованың ұйымдастыруы мен "Әкеге-ізет, анаға- құрмет" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында ата-анаға деген ерекше жылы сезім қалыптастыру, ата-ананың бала өміріндегі рөлін түсіндіру, ата-ананы құрметтей, сыйлай білуге тәрбиелеу.

Ата-ана мен баланың арасындағы көрінбейтін сезімді ұштастыра білу.

Тәрбие сағатының барысы:

I . Ұйымдастыру кезеңі

1-топ Әкелер

2-топ Аналар

1.Шаттық шеңбері

2.Мақал-мәтел сайысы

3.Өлең сайысы

4.Постер қорғау

5."Лабиринт" ойыны

Ата-аналар

1. "Біз біргеміз" сурет салуды жалғастыру

2.Балаңызды табыңыз

3. "Лабиринт" ойыны









«Әкеге-ізет, анаға-құрм



«Ата-ананы қадірлеу парыз»

«Әк















